

**Сағындық ҚОЖАМСЕЙТОВ,**  
**Жезқазған қаласы мемлекеттік**  
**мұрағатының археографы, Жезқазған**  
**қаласының Құрметті азаматы.**

1941 жылдың маусымында Кеңестер Одағының батысын лаулап өрт алғанда еліміздің Шығыс аймағы шымыр тылға айналды. Бұл ретте Жезқазған-Ұлытау өңірінің орны мен маңызы аса ерек болды. Ел басына екіталай күн туып, ат ауыздықпен су ішіп, алты малта ас болған қысылтаяң шақта Жезқазған кеніші майдан

# ЖЕЗҚАЗҒАН ЖЕЗІ ЖАУҒА



*Ысқақ Анарқұлов.*



*Балмұқан Аймаханов.*



*Қасымбек Әйгелов.*

даласының шын мәнісіндегі тірегіне айналды.

Жезқазған шикізатпен Балқаштың, Қарсақбайдың мыс заводтарын толық қамтамасыз етті. Ондағы әлжуаз байыту фабрикаларының жеткізілген мыс кенін толық өңдеуге шамалары жетпеді. Сондықтан да балкыту кешенінің жемсауына іріктеп өндірілген, металлы аса көп бай көктастар қажетінше құйылып тұрды. Оның сыртында Оралдағы мыс



қорытатын кәсіпорындар осы өңірдің кеніне тәуелді еді.

Жезқазғандықтар Отан алдындағы борышын терең сезініп, түсінді. Ішкі мүмкіндіктерді іздеді, өндірісті ұйымдастырудың тиімді жолдарын қолданды, қолдағы техникалардың қуатын толық пайдалануға көңіл бөлді.

Шұғыл түрде ескі шахталар № 1,7,13,26,34 қайта қалпына келтірілді, жаңадан № 31-32, «Петро», «Петроцентр» шахталары, екі карьер пайдалануға берілді. Шахталарға кең табанды шойын жолдар тартылып, Балқашқа, Орал заводтарына кен тікелей шахта бункерлерінен, отвалдардан тиеліп, жедел жөнелтіліп жатты. Жезқазған кеншілері 1941 жылдың екінші жартысында тәулікте беретін руданы бірінші жартыжылдықпен салыстырғанда 128 пайызға арттырып, Қарсақбайдың оған қажетін толық қамтамасыз етті, ал Балқашқа тотыққан мыс кенін жіберу жөніндегі тапсырманы 250 пайызға асыра орындады.

Жезқазған кеніші 1941 жылы тамызда Бүкілодақтық социалистік жарыстың жеңімпазы болды. Әрине, бұл жеңіске әріптес кәсіпорындардың бір ырғақты, үйлесімді жұмысы мен кеншілердің жоғары қарқынды еңбегі арқылы қол жетті. Міне, жеке мысалдар. Откатчик Зияда Исаков қыркүйек айында нормасын — 158,5 пайыз, бұрғышы Арыстанбек Ақшалов — 173,6 пайыз, бұрғышы Базылбек Байкенеєв 152 пайыз орындады.

Бұрғышы Арыстанбек Ақшалов әуелі Жезқазған барлау экспедициясында еңбек етті. Жазда жұмыс қызу, қыста қол бос. Ол бұлай жүре беруді жөн көрмеді. № 29-33 шахтаға бұрғышы болып орналасып, жер астына, забойға келді. Бұрғышының басты құралы дәу балға, күрек, екі-үш бұрғы болатын. Нормасы бір ауысымда 108 сантиметр кенді жынысты үңгіп тесіп, 700-800 килограмм мыс кенін құлатып, түсіру болатын. А.Ақшалов нормасын 1500-2000 пайыз асыра орындауды үнемі дағдыға айналдырды. Тапсырмалы межесін ала алмаған уақытта кемшін кенді толтыру үшін өз еркімен екінші ауысымға қалатын. Екі күннің бірінде жер бетіне жоспардан тыс жүздеген тонна кен көтерген толағай кеншіні талай рет шахтадан музыкалатып шығарып, үйіне қошеметтеп жеткізіп салған. Талай рет оның құрметіне шахта коперіне Қызыл Ту көтерілді. Тамақты да арбакештер үйіне әдейілеп әкеліп беретін. Мұндайда атақты кенші Арыстакеңнің ашқұрсақ көп балалы көршілері, дәмді тамақ аңсаған ауру-сырқаулар шала байып қалушы еді.

Балқашта өткен республикалық ақындар айтысында Болман Қожабаев Жезқазған кеншілерінің жетістіктерін мақтан етіп, Арыстанбек Ақшаловты былай жырға қосыпты:

«... Жанарың, ақын аға, жетпес шолып,  
 Бергенім Жеңіс үшін жатыр толып.

Өндірген жоспардан тыс рудаммен,  
 Түп-түгел қаруланады сексен полк.  
 Қияның қол жетпестей қиясымын,  
 Дәп бүгін мақтануға сиясымын  
 Тындырған таңырқарлық алып өрлік,  
 Өйткені, рекордтар ұясымын.

Атағы Алатаудай асқар әлі,  
 Жетерлік мың-сан жауды жасқарға әлі,  
 Атқарған қырық адамның қызметін,  
 Алып жоқ Балмұқаннан асқан әлі.  
 Бұрғышы кім білмейді Әйгеловті,  
 Самғаса, сан жарыста бәйге ілікті.  
 Бітірген айлық істі бір тәулікте,  
 Өнері ерлігіне сай келіпті.  
 Кімнің бар пар келетін Ақшаловқа,  
 Ерлікпен даңқы шыққан шартарапқа.

Нормасын жиырма адамның жабар еді,  
 Бір күнгі еңбегінен енші алып та».

Оларға көпшіліктің ұйғарымымен «тыл гвардияшылары» құрметті атағы берілді. Солардың бірі Қазақ ССР Жоғарғы кеңесінің депутаты, № 12 шахтаның бұрғышысы Ахметқали Сафин 1942 жылғы 21 ақпанда бұрын көз көріп, құлақ естімеген рекорд жасады. Ол жалғыз перфоратормен 1400 тонна мыс кенін құлатып, ауысымдық нормасын 3800 пайыз орындады. Ол сол күнгі 1200 сом табысын толықтай қорғаныс қорына аударды.


Осы жылдың тамыз айында Бүкілодақтық социалистік жарыстың жеңімпазы болған Жезқазған кеншілеріне КСРО Түстіметаллургия халық Комиссары П.Ф.Ломоко мынадай телеграмма ұрды: «Бүкілодақтық Орталық кәсіподақтар кеңесі мен түсті металлургия халық комиссариаты тамыздағы социалистік жарыстың қорытындысы бойынша кеніш ұжымына үшінші дәрежелі сыйлық беруге ұйғарды. Сіздің ұжымның тау-кен дайындық жұмыстарында артта қалушылықты жеңіп, кеніштер арасында бірінші орын алуға барлық мүмкіндіктеріңіз бар. Озат шахтерлер К.Әйгелов, П.Анарқұловтың

жүктелді.

1943 жылы Жезқазған мыс комбинаты шаңырақ көтерді. Оның құрамына іріленген Жезқазған мыс кеніші, Қарсақбай мыс заводы, Байқоңыр көмір ошағы, Қарсақбайдың ұзындығы 150 км. тар табанды теміржолы, Қарсақбайдың ортапық электр станциясы мен қуаты 2250 квт Кеңгір дизель электр станциялары, механикалық, кірпіш, әйнек зауыттары кірді.

Комбинаттың директоры болып Владимир Денисович Лысенко тағайындалды. Комбинаттың бас инженері болып майдангер Тихон Федорович Харламов келді. Ол майданға Оралдан шақырылған екен. Екеуі де Украинада туған еді. Осылайша жерлестер Жезқазғанда табысты. Олардың ой-арманы, жігер-қайраты, есіл-дерті Ұлы Отан соғысының отты жылдары мысты еселеп өндіру болды. Солай болды да.

Жезқазғандық кеншілер өздеріне Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, даңқы жер жарған оралдық бұрғышы И.П.Яншинді шақырды. Ол бір өзі көп перфоратормен кен бұрғалау



*Зияда Исаков отбасымен бірге.*

және басқарудың тәжірибесін өндіріске кеңінен енгізіңіздер, Отанымызды қорғау ісіне қажетті кенді өндіруді еселеу үшін әрбір минутты, әрбір сағатты ұтымды пайдаланыңыздар».

1942 жылғы 31 желтоқсанда КСРО Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті «Мыс өндірісіне шұғыл көмек көрсетудің шаралары туралы» Қаулы қабылдады. Еліміздің батыс аймақтарымен салыстырғанда электр энергиясымен, отынмен жабдықтау едәуір жақсы Қазақстанда мыс балқытуды арттыру бағытында КСРО Түсті Металлургия наркоматы, Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті (Скворцов жолдас) шара қолданбай отырғаны атап көрсетілді. Енді Қарсақбайға 1943 жылдың қазанына дейін мыс балқытудың айлық көрсеткішін 1000 тоннаға жеткізу негізгі нысана ретінде белгіленді. Жезқазғанда құрамында металлы — 2,8 пайыз сульфидті, 3,5 пайыз тотыққан мыс кенін шығаруды жылына 1 млн. тоннаға жеткізу керек болады. Бұл Одақ бойынша өндірілген мыс рудасының аптыдан бір бөлігі еді.

Жаңа жағдайларға байланысты үлкен ұйымдастыру-техникалық шаралары жүзеге асырылды. КСРО Ішкі Істер Халық Комиссариатының Жезқазған комбинаты барлық мүлкімен, жеке құрамымен, механизмдерімен және транспортымен Түсті Металлургия Халық Комиссариатының Жезқазған кен басқармасына берілді. Ішкі Істер Халық Комиссариатының ГУЛАГ-ының бастығы В.Г.Наседкинге Жезқазған еңбек түзеу лагерін сақтау, мыс кенішінің өндірістік және құрылыс жоспарына сәйкес, оларды лагерьді жұмыс күшімен қамтамасыз ету

тәжірибесімен бөлісті және оны бес перфоратормен забойда іс үстінде көрсетті. Төрт сағатта алты норма орындалды. Оның ізімен Евгений Болбышев, Андрей Зиновьевич Шаша жоғарғы көрсеткіштерге жетті. Жезқазған кенішінде 600 жұмысшы жоспардан тыс өндірген өнімнің жеке есебін ашты. Өндірістік тапсырмаларды «Покро» шахтасы (бастығы Винюков), № 3 шахта (бастығы З.Биболотов), № 12 комсомол жастар шахтасы (С.Қазанбаев) үнемі асыра орындап отырды.

Қарағанды облыстық партия комитетінің бюросы 1943 жылы 1 маусымда «Бұрғышы Аймаханов жолдастың жұмыс едістерін тарату туралы» қаулы қабылдады. Онда бүкіл совет халқы сияқты 1 мамыр мерекесіне байланысты И.Сталиннің бұйрығымен жігерленген № 15 шахтаның бұрғышысы Б.Аймаханов 1943 жылғы 23 мамырда 1477 тонна мыс кенін өндіріп, нормасын 4000 пайыз орындағаны атап көрсетілген. Ол айлық жоспарды небәрі 8 жұмыс күнінде 228 пайыз асыра іске асырып, Қызыл әскердің Бас колбасшысының қорына 12930 тонна мыс кенін қосты. Шебер бұрғышының озық тәжірибесі облыстың барлық кәсіпорындарына таратылды.

Майдандық вахтаға тұрған Ысқақ Анарқұлов, Оразбек Дүйсембаев және И.Васин басқаратын шахталар рекордты көрсеткіштерге жетті.

Бұрғышылар Балмұқан Аймахановтың жауынгерлік екінші дәрежелі «Отан соғысы», Ысқақ Анарқұловтың «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен марапатталуы көп нәрсені аңғартады.

# ЖАСЫН БОЛЫП АТЫЛДЫ

Ұлы Отан соғыс жылдары КСРО Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің шешімімен Жезқазғанға 11 мыңнан астам адам келді. Бұрын ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істеген өндірістік мамандықтардан бейхабар 3635 кісі, үй шаруашылығындағы 900 әйел жеткізді. Олардың тек 2,5% ғана белгілі бір кәсіпті меңгерген-ді. Осы келгендердің ішінде инженер-техниктер, білікті жұмысшылармен қатар еңбек әскерінің (трудоармия) мүшелері, тіпті соғыс тұтқындары, сотталғандар да болды. Осы кезеңде 7300 адам жаңа мамандық алды немесе біліктілігін көтерді. Одан тыс әскерге шақырылған әкелерінің, ағаларының, күйеулерінің орнына жұмыс істеуге өз еркімен өндіріске келген 1518 әйел жаңа мамандықтар меңгерді, 1162-сі жетекші мамандықтарды жетік игеріп, флотатор, токарь, электросварщик, забойщик, откатчик, бұрғышы болып жұмыс істеді.



Тасыбай Қожаұлов.

Қазақ әйелдерінің арасынан шахтаға түскен кенші әйелдердің алғашқы қарлығашы Үкі Мүсірғалиева болатын. Ол 1937жылы №31 шахтада откатчик болып еңбек жолын бастаған Ұлы Отан соғысы басталғаннан кейін оның қатары толып, олар жер қайысқан қолға айналды. Солардың ішінде Жәмила Нұржанова, Зура Ыбыраева, Нина Егоровна Ковжова, Екатерина Степановна Володина, Зейтін Қойтанова, Күләш Қожиқырова, Ақлима Махамбетова, Тәжи Есілбаева, Дәмелі Дүйсенбаева, Рахима Қуатова, Зейнеп Мәмкенова, Аягөз Жақыпбекова жаңа мамандықтарды барын салып меңгеріп, әрдайым стахановшылар сапында болды.

Жезқазғанда кен өндіру 1940 жылмен салыстырғанда 1942 жылы 4 есе, 1943 жылы 5 есе көбейді.

Жезқазған кеншілері Ұлы Отан соғысы жылдары 16 рет Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің ауыспалы Қызыл Туын жеңіп алды. 1945 жылы 3 шілдеде бұл Ту ұжымда мәңгілік сақтауға қалдырылды.

Жезқазған Ұлы Отан соғысы жылдары Жезді марганец кен орнын шапшаң қарқынмен игеруге қомақты үлес қосты. Маман инженер-техник, кеншілер жіберді, машиналар мен құрал-саймандар бөлді, автокөлік жүргізушілерін дайындады. Үкімет қаулысы шыққаннан кейін 38 күннен соң шілденің 21 күні марганецтің алғашқы тонналары жөнелтілді. Жезді кеніші іске қосылуымен еліміздің Шығыс аймағындағы марганец өндірісі 13,7 пайыздан 84,5 пайызға жетті. Ұлы Отан соғысының тарихында Жезді марганец кенішінің орны мен маңызы ірі соғыс операцияларындағы жеңіспен тең деп тегін айтылмағаны сөзсіз.

Еңбек майданының алдыңғы шебінде жас жігіттер мен қыздар да болды. Олардың арасынан жетекші мамандық иелерін дайындау сол кездегі кезек

Мысты өңір. - 2010. - 21 мамыр ( №21 ) . - 6 , 7 б .

күттірмейтін міндеттердің бірі еді. № 14 кәсіптік училище 1941 жылы 25 маусымда Жезқазған кенішінде мыс комбинатының негізінде ұйымдастырылды. Ол бұрғышыларды, экскаваторшыларды, теміржол жұмысшыларын, электромонтерлерді, мотористерді, скрепершілерді, камеронщиктерді, кен көтеретін механизмдердің машинистерін дайындады.

Училищенің тұңғыш директоры кезінде аты дүрілдеп тұрған Қарағанды облыстық комсомол комитетінің бірінші секретары, содан Балқаштың құрылысына токарь болып барған, бірінші сайланған Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, қарсақбайлық Базыл Тоқбергенов болды. Ол КСРО Конституциясын қабылдаған Советтердің Бүкілодақтық VIII съезінің делегаты да еді. Тау-кен өндірісі жұмысшы мамандықтарының білгірі болатын. Училище оқушыларымен қарым-қатынаста аса мейірман, сергек,



Шәмшия Байтоева.

балаларды өзінің іні-қарындасындай жақын тартып тұратын. Соғыс жылдары осы оқу орнында 1106 қыз-жігіт жұмысшы мамандығын меңгерді.

Училищеде оқыған жасөспірімдер фашист басқыншыларына соққы беру үшін өз жұмыс орнында барын салып еңбек жасады. Олар Жезқазғанның мысы жаудың жүрегіне бағытталған ажал жебесі екенін жанымен ұқты. Ұлытаудан № 14 кәсіптік училищеге жіберілген комсомол мүшесі Шәмшия Шеженова (қазіргі фамилиясы Байтоева) сол кезде небәрі 15 жаста екен. Қазақы тәрбиеде ауылда өскен бала, биязы мінезді ұяң қыз, орыс тілінен бір сөз білмеді. Оқушылардың дені солай болды.

Оларға сабақты еңбекпен көзі шыққан қазақ жұмысшылары берді. Өндіріс шеберлері де солар. Қанша қиын кезең болса да асу-сасу байқалмайды, курсанттарға жекіп ұрыспайды, баласындай жылы сөйлейді. Шәмшия 1943 жылдың ортасында училищені бітіріп, скрепер машинисі мамандығын алды. Әуелі кен көтеретін қондырғының машинисі, сонан соң шахтаға түсіп, скрепермен руда тасыды, кейде кен тиелген вагонеткаларды айдады. Вагонеткадағы мыс кені 700-800 килограмм құрайтын. Соғыстан кейін ол майдангер Нұрахмет Байтоевпен басқосып, отау көтеріп, он бала туып, тәрбиелеп өсірді. «Ардақты ана» алтын алқасының иегері атанды. Жас қыз ауыр жұмыстан жасқанған жоқ қайсарлық танытты, абыройға бөленді.

Ұлытаудан Шәмшиямен бірге барған құрбылары Үмітжан Қалменова, Нәпеса Есенбабыловалар да скреперде де жұмыс істеді, вагонеткаларға кен де тиеді.

Енді ғана түбіт мұрты тебіндеп келе жатқан он жеті жасар Тасыбай

Қожағұловтың есімі «Покро» шахтасында көп ұзамай екпінді бұрғышылар қатарында аталды. Бұрғы аппаратының өзі 36 килограмм болатын. Қарулы бозбала намысқа басып, оны ауырсынбай, ауысым бойы ыңқ демей, толассыз жұмыс істейтін. Жас та болса, жанып тұрды, өндірістік нормасын асыра орындап, стахановшы атағына ие болды. Сағат Әбікенов, Жағыпар Сүтемғенов, Аман Сабин, Байкісі Мұқышев электр жөндеуші болып еңбек етті. Жас курсант Сұлтан Үсенов те шахта жұмысына тез бейімделді.

Комсомол-жастар бригадалары кеніште 1944 жылдың аяғында 1942 жылдың басымен салыстырғанда 2 есе көбейіп, 36-ға жетті. Екі комсомол-жастар шахтасы жаңашылдық пен жоғары өнімді еңбектің уясына айналды. 35 уыздай жас жігіт бұрғышы, откатчик, забойшы, 37 қыз сыртқа кен көтеретін машиналарда машинист болып жұмыс істеді. Аудан комсомол мүшелері мен жастары жоспардан тыс кен өндіріп, Сталиндік жеңіс қорына 118000 тонна мыс кенін, 810 тонна марганец, 600 тонна көмір, 40 тонна қара мыс қосты.

«Шахтада істейтіндердің жұмысы өте ауыр болатын, — деп өткенді еске түсіреді соғыс және еңбек ардагері, Сәтбаев қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Шермұхамбет Байбосынов ақсақал. — Бүгінгідей техника жоқ. Шахтаның астында жарық жоқ, шаң-тозаң көз аштырмайтын. Сондай жағдайда жүріп те олар отты жылдарда еңбек көрігін қыздырып, жоспарды асыра орындап жүрді. Солардың жұмыстан шыққандағы түрін көрсен, адам шошырлықтай болатын. Ешқайсысын танымайсың. Керек адамды дауысынан ғана танып алатынсың. Сол түрімен, сол киімімен қыс демей, жаз демей жұмысқа жаяу қатынайтын. Халық соның бәріне қалай ғана шыдап, төзді екен деп қазір ойланам. Бұрғылау құрғақ жүргізілді. Көбі силикоз болып ауырды. 40-50 жастан аспай о дүниелік болып кеткені қаншама. Солардың ішінде есімде аттары қалғандары атақты бұрғышылар Таутанов, Жездібаев, Қамбар, Әкімбай деген жігіттер. Үкімет олардың силикоз екенін де жасырды. Ауырғандарды «туберкулезсіз» деп жұмыстан да шығарып жіберген кездер болды. Топырақтары торқа болсын, имандарың жолдас болсын деп дұға бағыштап отырам, сол жастай жалындап жанып түскен марқұм Жезқазған кеншілеріне» (Ш.Рахметов. Кен өндірісінің қаһармандары. Алматы, 2008 жыл, 87-бет).

Айтса айтқандай, мыс өндіру тозағын забойда істейтін 800-дей жұмысшы бастан кешірді. Кеншілер кен жынысына құрғақ бұрғы тартты, арнаулы дәрімен оқтап, тау-тау көгілдір тасты жарып түсірді, руданы сыртқа тасымалдады. Шахтерлердің 21,1-26,4 пайызы мамандығы жоқ, түрмеде отырғандар еді. Олар көбіне тасымал және басқа қосалқы шаруалармен шұғылданып жүрді.

Соғыс жылдарындағы Отанның жанды қорғаны болған кеншілердің бүгінде бірде-бірі жоқ. Кәсіптік әртүрлі ауыр кеселдерден бақилық болған «Главмедьтің» бастығы А.Малининге, ВЦПС-тің төрағасы Кузнецовке жолдаған баянхатында комбинаттың бас инженерінің міндетін атқарушы Б.К.Ясевич медициналық тексеруден өткен кеншілердің 23% силикоздың ауыр түріне шалдыққанын үреймен хабарлады. Сырқаттардың ішінде белгілі шахта бастықтары Х.Садықов, Ы.Анарқұлов, Б.Байжанов, Б.Байғозин, атақты кенші-бұрғылаушылар Б.Аймаханов, Ш.Косетов, Ж.Ыңғаев, И.Төртқаринов, тағы басқалар болды.

«Жоғарыда көрсетілген деректер силикоз дертінің Жезқазғанда етек алуын сипаттайды. Ол кездейсоқ оқиға емес. Сондықтан келешекте тау-кен жұмысын жүргізуге байланысты тиісті нұсқау беруіңізді сұраймын», — деп өтініш жасады

бас инженер.

Жезқазғандықтардың ерлік еңбек дәстүрі жалғасып келеді. Соның айқын көрінісі — қазақтың ұлы перзенті академик Қаныш Сәтбаев өз қолымен жолын сызған біздің үлкен Жезқазған. Оның жүрегі «Қазақмыс» тобының «Жезқазғантүстіметалл» өндірістік



Арыстанбек Ақшалов.



Ахметқали Сафин.

бірлестігі болып табылады. Мысты өңір еңбеккерлерінің қарымы мен әлеуетін бір сөзбен айтсақ, 1936 жылы бекітілген жобасында Жезқазған мыс қорыту комбинаты толық қуатына жеткенде тәулігіне 14 мың тонна мыс кенін өндіреді деп жоспарлаған. Ал, осы заманғы техника мен ғылым жетістіктеріне негізделген алып шахталар мен карьерлерде кеншілер өткен ғасырдың 70-80 жылдары күн сайын 70 мың тоннаға дейін сапалы мыс кенін жер бетіне шығарып, заводтарға жөнелтіліп тұрды. Аймағымыз республика түсті металлургиясының орталығына айналды.

Өңірімізге шетел капиталы, жаңа менеджмент, жетілдірілген әлемдік технология келгенде замандастарымыз сасқан жоқ, жоғарғы біліктілігін, ынтымағын, зор ұйымдастырушылық қабілетін танытты.

Жезқазғанның даңқын асырған атпал азаматтардың әрқайсысының атын жіктеп, арамызда жүргендеріне төрден орын беріп, бақилық болғандардың әрқайсысының аруағына лайықты құрмет көрсететін кез келді. Мүмкін Сәтбаев қаласында кешегі және бүгінгі жез қопарған жер асты батырларына арнап асқатқ, әсем, айбынды монумент орнатқан дұрыс шығар.

Ұлы Отан соғысының 65 жылдық той жылы «Қазақмыс» корпорациясының «Жезқазғантүстіметалл» өндіріс бірлестігі бұл жөнінде тиісті шешім алып іске кіріссе, өлгенге тағзым, тіріге сый дегеннің бірі осы болар еді.